ГҮЛ УЫСТАП ГҮЛСТАНҒА АЙНАЛАМ,

НҰР УЫСТАП НҰР КЕЛБЕТТІ ҰЛ ТУДЫ !

**Әлімхан ЕРМЕКОВ**

*(1891-1970)*



## Алаштың алыптары

# Казақстан картасын белгілеген кайраткер:

Патшалық Ресей кезіндеі қазақ жұртының иелігінен өзен, көл жағалауында, орман алқабында орналасқан қара топырақты жерлер тартып алынған. Мұндай әпербақандық помещиктердің құлқын жоқтайтын Столыпиндік реформадан кейін тіпті

иелігіне берілген. Мен осы он шақырымдық жерді қазақ халқы ежелден иеленгендіктен өздеріне қайтарып беру туралы ұсыныс жасадым. Ал Каспий теңізінің солтүстік жағалауы салық жинайтын жер болып жариялан-

ғанымен, патша үкіметі қазақ тұрғындары иеленген жер көшірте алмады. Комиссияның мәжілісінде біздің республиканың жерін анықтау кезінде




Лениндік декретте Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Каспий жағалауы туралы талқылауда төмендегідей көрсетілген: «Из Астраханской губернии: волости Синеморскую, Букеевскую орду и территории бывших казенных оброчных земель, прилегающих к 1-му и 2-му приморским округам. Что

ква жұртшылығын асырап отырмыз, еліміз азық-түлік қиындығын бастан кешіп отыр деді. Менің ұсынысым көпшілік дауыспен қолдау тапты.

1920 жылдың 24 тамызында Халық Комиссарлар Советінің Қырғыз (қазақ) Автономиялық республикасы туралы декрет жобасының мәселесі жөніндегі мәжіліске баяндамашының бірі ретінде қатыстым. Ал 1920 жылы 23 маусымнан 7 тамызға дейін Коминтерннің ІІ конгресінің мәжілістері өткен еді. Қазақ автономиясын Тұрар Рысқұлов пен Ахмет Байтұрсынов бастап барды.

Осы мәжілістен кейін бір жеті өткен соң В.И.Ленин Қазақ АССР-ін құру жөніндегі декретке қол қойды.



**Қасым АМАНЖОЛОВ**

*(1911-1956)*

## *Туған жер*

*Шықшы тауға, қарашы кең далаңа;*
*Мәз боласың, үқсайсың жас балаға,*
*Ол шеті м ен бұл шетіне жүгірсең,*
*Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма*

*Уа, дарига - алтын бесік туған жер*
*Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр*
*Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей*
*Ақын болмай, тасың болсам мен егер.*